



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

екендігі анықталады. Өркениет туралы да пікірлер көп. Мәселен, И.Гердер мен Э.Тайлор өркениетті мәдениетпен синоним ретінде қарастырса, Ж.Ж. Руссо қатарлы ғалымдар өркениетті мәдениеттің ақыры, оның егделік шағы деп түсіндіреді. Ал, өркениетті мәдениеттің биікке көтерілуі, қоғамның парасаттылық деңгейі деп бағалайтын Ф.Вольтер және Д.Беллдердің пікірімен санасуға болады. Демек, өркениет – мәдениеттің дамыған түрі немесе мәдениеттің техникалық дамуы.

Қолданылған әдебиет

1. Буров В.Г. «Китай и китайцы глазами российского учёного» / М.: Изд-во института философии РАН, 2000.-206 б.
2. 冯天瑜、何晓明、周积明著. «中华文化史» (Қытай мәдениетінің тарихы)/ , 第二版, 上海人民出版社 , 2005.-567 б.
3. 张岱年、方克立主编 《中国文化概论》 / (Қытай мәдениетіне кіріспе, 2 басылым, Пекин педагогика университеті)第二版, 北京师范大学出版社 , 2005.- 487 б.
4. 北京师范大学民俗典籍文字研究中心.中国文化的地理背景 / [DB/OL]. [http :// mdwen. bnu. edu. cn/ kzjs/](http://mdwen.bnu.edu.cn/kzjs/)(Пекин педагогикалық университетінің зерттеу орталығы)zgwhgl_web/1. htm ,2006.-47 б.
5. 阴法鲁.《中国古代文化史》(Қытай мәдениетінің тарихы) (1、2、3册) /许树安主编, 第一版, 北京大学出版社 , 2004/-254 б.
6. 马敏. «中国文化教程» / 武汉:华中师范大学出版社 , 2002.-418 б. (Қытай мәдениетінің негіздері, Ухан, Педагогика университеті)
7. Гончаров С.Н. «О Китае средневековом и современном: Записки разных лет» /. овосибирск: Наука, 2006. -83 б.
8. Линь Юйтан. «Китайцы: моя страна и мой народ» / Вост. лит-ра, 2010. -335с.
8. Малявин В. «Китай управляемый» / Старый добрый менеджмент. М.: Европа, 2007-304 б.
9. Штритматер К. Инструкция по применению: Китай. М.: Аякс-Пресс, 2006. 256 б.

ӘОЖ 78.01(510)

ҚЫТАЙ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ

Құрманалі Мөлдір

kurmanaliova_moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы: қытайтілі» мамандығының ІІ курс студенті

Ғылыми жетекшісі:Тойбол Қарақат

Қытай музыкасының жанрлары тек орындау стилі мен нақышына негізделмеген. Олар географиялық өзгешеліктер, өмір салтының ерекшеліктері және қоғамдағы технологияның даму деңгейінің көрінісін береді.

Қытай музыканттарын тіпті ашық түрдегі плагиатта, сонылығы жоқ деп жиі кінәлайды. Кантондық және мандариндық поп-музыканың бұрынғы композицияларының көбісі батыс және жапон поп/рок әндерінің әуенін қайталап, оған тек өз текстерін қойып орындайды. 90-жылдардың студенттер қозғаласының жетекші тұлғасы - Гао Сяосун қытайлықтардың (Қытай халқының 98 пайызы) әуенге қарағанда сөз сөйлеуі дұрысырақ екенін айтады, себебі поэзия мен әдебиетке қарағанда ел тарихын жазуда музыка ешқашан қолданылған емес[1, 15].

Бұл сөзге әр түрлі жағынан қарауға болады, алайда факт факт болып қала бермек: Қытай елінде музыка қозғаушы әлеуметтік күш емес, өмір салтының бір бөлшегі болып табылады.

Бұл мақалада Қытай еліне тән және Пекин қаласында аса танымал музыканың жанрлары сипатталған.

Zhongguo Feng (қытай толқыны) 中国风

Музыка стилін білдіретін «Чжунго Фэн» термині пекин операсы, дәстүрлі аспаптар мен көне поэзия сияқты қытай элементтерін заманауи поп-музыкамен біріктіреді, ол алғаш рет 2003 жылы тайваньдық жұлдыз, орындаушы Джей Чоу (周杰伦) өзінің R&B стиліндегі «Шығыс желі Breaks» (东风破) атты эрха мен пипа музыкалық аспаптарының үнімен әрленген әнін шығарғанда пайда болды. Мұндай сәттіліктен кейін Чжоу осыған ұқсас тағы бірнеше ән шығарған болатын, мысалы: «Қар секілді шаш» (发如雪), «Алтын гүлдің қарғысы» (菊花台), «Көк және ақ» (青花瓷), «Орхидеялар павильоны» (兰亭序).

Menggu Minge (моңғол халық әні) 蒙古民歌

«Моңғол халық әні» атауын тура қабылдаудың қажеті жоқ, себебі моңғол халқының төл музыкасы тек Моңғолияда бар, бірақ Хань қытай елінде де дала әуендері әр түрлі формада дамыған. Мемлекеттік теледидарда кейде азапқа толы (көбіне ерін қозғалыстарымен синхрондалған) әндерді көрсетеді, онда опера әншілері көрермендердің экзотикалық қажеттілігін қанағаттандырады.

Хангай (Hanggai) және Ацзиньай (Ajinaï) секілді батыстың экспериментальді рок-музыкасын моңғол бояуымен орындайтын топтар бар. Олар, мысалы, моринхуру (грифінде жылқының басы мүсінделген скрипка) және рок-аккомпанементпен айтылатын моңғолдың тамақ әуенін қолданады.

Daizu Minge (Дай елінің әндері) 傣族民歌

Негізінен Бирмамен және Лаоспен шекараласатын Юньнань провинциясында тұратын Дай этникалық жұрты көңілді әуендер, хорға лайық жай әуендер және хулуси үні (асқабақ сырнайы) астасып жатқан өзіндік стилімен танымал. Хулуси аспабы провинция образында тұрақталып қалғаны соншалық, тіпті оның даусын Пекиндегі әр юньнаньдық мейрамханадан естуге болады.

Er ren zhuan (солтүстік-шығыс дуэт) 二人转

Қытайдың аязды қысы жергілікті халықтың үйінен шығуына мүмкіндік бермейтін солтүстік-шығыс аудандарынан келген бұл «дуэт» әдетте дәстүрлі ән айтып, би билейтін, онымен қоса осы істерін ащты әзіл аралас қызықты диалогтармен әрлейтін қыз бен жігіттен тұрады.

Қытайдың солтүстік-шығысындағы Дунбэй ретінде танылған үш провинция: Хэйлунцзян, Цилинь и Ляонин сыртында «дуэт» сяопинде (күлдіргі скетчтерде) жыл сайын өтетін CCTV Көктемгі Гала фестивалінде Чжао Бэньшаньның орындауында жиі кездеседі.

Өрескел әзіл араласқан әндер Second Hand Rose(二手玫瑰) альт-рок тобының орындауында пекиндік рок-сахнадан дәл солай естіледі.

Lao Shanghai (ескі Шанхай музыкасы) 老上海

«Ескі Шанхай»- «Шығыс маржандары» отарлық өмір стилімен байланысты термин. Ол өз бастауын 1930-40 жылдардан алады және батыс джазы мен көне қытай балладаларының вокалды стиліндегі классикалық музыкамен қосындысы болып табылады.

Певица и актриса Чжоу Сюань является звездой старой шанхайской музыки. Прозвище Чжоу получила за исполнение песен из саундтрека классического фильма вышедшего в 1930-х годах в Шанхае. Ее популярность продолжала расти после образования КНР до самой смерти в 1957 году во времена.

Әнші және актриса Чжоу Сюань көне шанхай музыкасының жұлдызы саналады. «Алтын тамақ» лақап атын 1930 жылдары Шанхайда шыққан Street Angel («Көше періштесі», 马路天使) классикалық фильмінің саундтрегінен әндерді орындағаны үшін алған. Оның танымалдығы ҚХР-дың құрылғанынан кейінгі уақыттан бастап 1957 жылы

«Антиқұқықтық қозғалыс» кезінде өмірінің соңына дейін арта берді.

Gangtai Gequ (КантонПоп және МандаринПоп) 港台歌曲

Кантондық және мандариндік танымал музыка - бұл негізінен екі бөлек жанр, екеуі де бастауын көне шанхай музыкасынан алады. Әншілер мен композиторлардың бірінші буынының көбісі 1949 жылы ҚХР құрылғаннан кейін Гонконгке немесе Тайваньға көшіп кетті. Құрлықтық Қытай қазіргі уақытта барлығы дерлік мандаринше сөйлейді, ал Тайвань әлі де көптеген Мандарин Поп жұлдыздардың туған жері саналады. Гонконг жұлдыздарының кантонша сөйлеуші аймақтарда ізет тұтушы адамдары Гуандун және Гуанси сияқты провинцияларда қадірлеуші адамдары көп болғанына қарамастан, КантонПоп елдің басқа аймақтарында танымалдығын ақырындап жоғалтып бара жатыр.

Джей Чоудың үлкен танымалдығынан басқа, Тереза Дэн (邓丽君, 1953-1995) әлі күнге дейін МандаринПоп музыкасының ең жарық жұлдызы болып есептеледі. КантонПоп бір жағынан 1990-жылдардың басында Джеки Чан (张学友, актер Чанмен шатастырмаңыз – 成龙), Энди Лау (刘德华), Аарон Квок (郭富城) және Леон Лай (黎明) секілді атақты «төрт аспан патшасы» (四大天王) мандарин тілді әлемде де, кантон тілді ілемде де рекорд жасап жатқанда өзінің танымалдығының ұшар басына жетті.

Xiaoyuan Minyao (халықтық студенттік ән) 校园民谣

Халықтық студенттік ән Тайваньнің университет қалашықтарында 1970 жылы пайда болды, ол уақытта жергілікті халық музыканттары американдық Боб Дилан, Джоан Баэз сияқты орындаушылармен шабыттанып жүрген болатын. Жанр 90-жылдардың басында пекиндік Гао Сяосун (高晓松) мен Лао Ланг (老狼) бірнеше классикалық композиция жазу үшін біріккен кезде бұғаз асып кетті[2, 36]. Қытайдағы студенттік әндер негізінен күнәсіз махаббат пен студенттік өмір туралы және әдетте акустикалық гитараның аккомпанементімен орындалады.

Junlǚ Gequ (әскери әндер) 军旅歌曲

Қытай әскери әндерінің көбісі патриоттық болып келеді және айбынды ерлер хорымен орындалады, дегенмен олардың ең танымалдары халықтың әскерде қызмет ету үшін отбасылық өмірден бас тарту идеясына сүйіспеншілікпен қарағанының арқасында көңілге жағымды жұмсақ әндер болып келеді. Мұндай құрбандық мемлекеттік БАҚ-та да етек алып келеді.

Hong Ge (революциялық әндер) 红歌

Атауы айтып тұрғандай бұл классификация музыкалық стильге қарағанда мақмұны жайында. Революциялық әндердің көбісі Екінші Дүниежүзілік соғыс пен мәдениет революциясы (1966-1976) кезіндегі үгіт-насихат мақсатында жазылған болатын. Олар 1949 жылдан бастап мемлекеттік БАҚ арқылы тұрақты түрде таратылып тұрады.

Xibei Feng (солтүстік-батыс толқыны) 西北风

Солтүстік-батыс Қытай шөлден азап шегіп отыр, бірақ оның шөлейтті аймағы музыкалық стильге аса бай келеді: дәстүрлі Цин Цяннен бастап (рок-музыкаға өте ұқсас айқай вокалды және ауыр соқпалы музыкалық аспапты көне опера) қысқартылған махаббат туралы балладаларға дейін.

«Сибэй Фэн» 1980-жылдар соңында қытай поп және рок музыканттары солтүстік-батыс халықтық, батыс поп және рок музыкасынан шабыт іздей бастаған кезде өте танымал болды.

Jingyun Dagu (пекиндік әңгімелеп айтылатын опера) 京韵大鼓

Цзинюнь Дагу — бұл орындаушы ән айтатын немесе қол барабанының соғысының және үшжақты аспап саньсяньнің (三弦儿 sānxiǎnr) созылыққы үнінің фонында пекиндік диалектімен оқиғаларды баяндайтын өнер түрі.

Цзинюнь Дагу кейбір жергілікті пекин музыканттарының орындау мақамына аса қатты ықпал етті, олардың ең танымалдысы Хэ Юн (何勇) - «қытай панк-рогының кіндік әкесі». Хэ Юн бұл титулға қарамастан өзінің «Қоңырау мен барабан мұнаралары» атты әнімен танылды десек те болады. Онда ол бүкіл ән бойы барабан соғады, ал әкесі Хэ Юйшэн саньсяньде ойнайды.

Yaogun (рок-н-ролл) 摇滚

Бұл стильдің Қытайда орын алуының тарихын жеке кітап етіп шығарса болады. Ағылшын тілінің «рок-н-ролл» сөзі "yaogun" қытайша баламасына ие болған тек мәдени және әлеуметтік аспектілерді сипаттауының өзі көлемді дүние екені соншалық, тіпті осы бір мақалада оны келтіру мүмкін емес. Қазір Тайваньдағы және құрлықтық Қытайдағы рок-н-роллдың пайда болуына себеп болған екі композицияны атауға болады: "Lukang, little town" және "Nothing to my name"[3, 19].

Өзінің студенттік қозғалысқа (Тайваньдағы және Қытайдағы) сіңірген еңбегімен және әлеуметтік лирикасымен танымал Ло Даю(罗大佑) дәрігер ақырында музыкант атанып, 1982 жылы "Lukang, little town" атты әнін - мандарин тіліндегі тұңғыш наразылық әнді жарыққа шығарды. Сол кезде алғаш рет рок-н-ролл группа әнді толығымен қытай тілінде орындап шыққан болатын.

Алайда тайвань үкіметі әнді радио арқылы таратуға тыйым салды, себебі оның мәтінінде «Тайбэй —менің үйім емес, менің туған қаламда неонды шамдар жоқ » (台北不是我的家, 我的家乡没有霓虹灯) деген жол бар, бұны 1980-жылдардағы тайваньдық экономикалық дүрлікпеге «негативті тұспалдау» деп қарастырды. Тағдырдың тәлкегімен "Lukang, little town" қазіргі таңда Белладжио атты өте табысты және сыйлы мейрамхананың мандариндік атауы.

Қолданылған әдебиет

1. Алексеев В. Ы. Китайская литература: Избранные труды. М.: Наука, 1978
2. Асафьев Б. В. Музыкальная форма как процесс. 1971
3. Васильев Л. С. История Востока в двух томах М.: Высшая школа, 2001

ӘОЖ 78.01(510)

ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Мамышева Әсемгүл

kurmanaliova_moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығының IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі -Д.Мәсімханұлы

Қытай жазуы әлемдегі тарихы аса ұзын жазулардың бірі. Ол египеттік және шумер жазулары сияқты ертеде пайда болған. Ең көне жазу ескерткішдерінің бірі-бұл қытайдағы ежелгі жануарлар бейнесі. Бұл жануарлар көбінесе тасбақа, арыстан, сонымен қатар қола және күміс ыдыстары. Олардың барлығы XIX ғасырдың соңында Хуанхэ өзенінің маңында, қазіргі аньян қаласының қасында табылады. Бұл жазулар өте әралуан: бірде құмарлық ашулардың нәтижелері, бірде аспан пайда болуы туралы бейнеленген. Ол әрісі қытай қоғамының дамуында, берісі. Қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келген тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында, рухани құндылықтарды олар өз жазуларының көмегімен хаттап, дәріптеп, зерттеп бүгінге жеткізіп отырғаны белгілі. Демек қытай жазуы-бүгінде қытай халқының ғана емес, әлем халықтарының да баға жетпес қазасына айналып отыр.

Қытай жазуын бұрын-соңды тек қытайлар ғана емес, манайындағы тектес туыстары мен көршілері-Корей, Вьетнам, Жапония секілді елдерде қолданылады. Бұл тұрғыдан келгенде қытай жазуы ел мен елдің арасындағы мәдени алмасуды тереңдетіп, өзге елдердің де рухани құндылықтарын сақтап қолдауда белсенді рөл атқарып келеді деуге болады.

Алғашқыда қоғам кездерінде пайда болып, бүгінге жетіп отырған адамзаттың жазу мәдениеті кем де кем. Ал қытай жазуы ұзына тарих бойына нешеленген мәрте өзгеріске, өңдеуге ұшырағанымен, бүгінге аман жеткен өте бағзы жазулардың бірі есептеледі. Оның